



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Төртіншіден, бұл алтыжүз сарбаздың жанкешті әрекетін тағы былай түсіндіруге болады. Олардың бұл көзсіз ерліктері халқына деген кіршіксіз махаббаттан туындаған. Мәселен, қалайша ананың баласына деген махаббаты, қамқорлығы мен мейірімі балсы үшін жанын құрбан етуге дейін апарады. Бұл ақиқатты балапанын құтқару үшін жыртқыш хайуандарға айбат шегіп ұмтылған тауық, хайуанаттар әлемінен бір мысал деп түсіндіруге болады.[6, 50 б] Сол сияқты Жәңгір хандыда құмырсқадай құжынаған жаудың елу мың қолына ат-ой салып алтыжүз сарбазбен қорықпастан қарсы шығып оларды шегіндіруі және де Жәңгірге дейінгі және кейінгі батырлардың батырлықтары, ерліктері, батылдықымен әрекет етулері бәрі- бәрі халқына, еліне деген адал, кіршіксіз махаббаттан туындаған деп анық әрі сенімді түрде айта аламыз.

Хандық дәуірдегі қазақ хандарының өкілі ретінде Жәңгір хан бүкіл саналы өмірін ел қорғау ісіне арнайды. Оның атақ – даңқы сұлтан кезінде-ақ танымал болып, жоңғарлармен күресте ірі жеңіске қол жеткізеді. 1643 жылы Батыр хонтайшының 50 мыңдық әскерін 600 әскермен шегіндіруі оның есімін қазақ халқының есінде мәңгіге қалдырды. Оның атақты Жалаңтөс батырмен достығы Қазақ хандығы мен аштарханилар әулеті арасындағы қарым-қатынастардың нығаюына көп септігін тигізеді.

Қазақ ордасының тарихында Салқам Жәңгірден бұрын он үш хан өтіпті. Соның алтауы ат үстінде қаза тауыпты. Жәңгір хан он төртінші хан, жетінші шахит екен. Ұлыстың мерейі үшін, ұлтының болашағы жолында жан қиған ерде арман жоқ шығар сірә?![7, 97б]Осылайша, Жәңгір хан қазақ тарихында жарқын істерімен қалып, оның есімі қазіргі кезеңдегі қазақ халқы үшін отансүйгіштік пен жанқиярлықтың, батырлық пен ерліктің символына айналып отыр.

Қолданылған әдебиеттер

1. Кәрібаев Б. «Жәңгірхан жөнінде» ҚАЗҰУ Хабаршы. Тарих сериясы. -2011.- №2. 32-40б.
2. Қалықова Б. «Жәңгір хан». //Дарабоз.- 2011 - №2. 53-56б.
3. Бейсенбек Д. «Қосқолаң таудың етегі, тарихтан сыр шертеді» // Ана тілі. 2009.-10-16 -қыркүйек.
4. Нәсенов Б. «Жәңгір хан және Орбұлақ шайқасы».- Алаш 2010 - №3. 4-5б.
5. Төреғали Тәшенов. «Орбұлақ шайқасының құпиясы» // Айқын.- 2013.-29 тамыз.
6. Жолдыбайұлы Қ. «Имани гүл».- «Издательство АСТ Полиграф» ЖШС. – 2011.-50б.
7. Мұхтар Мағауин. «Қазақ тарихының әліппесі».- 1994. 83-100б.

ӘОЖ 94

ҚАРАҒАНДЫ Өңіріндегі лагерьлер тарихынан...

Жақия М.Қ.

(makosya_96.10@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

мәдениеттану мамандығының 1-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к. доцент Сейтказина Қ.О.

XX ғасыр – Ресей мемлекеті, оның ішінде Қазақстан тарихы үшін арпалысты болды. Ғасырдың екінші онжылдығында дүниеге келген жаңа өкімет қоғамды түбегейлі өзгертіп қана қоймай, өзімен бірге халықтар тағдырына зоралапатапаттар алып келді. Бұл тоталитарлық мемлекет жүйесі және саяси репрессиялар толқыныеді. Тоталитаризм, саяси репрессия мәселесін зерттеу бүгінгі күнгі тарих үшін аса маңызды. Біз тоталитаризмнен демократияға өткен мемлекетте өмір сүре отырып, шын мәнінде өткен жүйенің қаншалықты қасірет әкелгенін түсіне аламыз. Орталық Қазақстан өзінің тарихында үлкен қиын,қасіретті кезеңдерді бастан өтті. Бірақ Қарағанды өзінің қажырлы да қайратты халқымен осындай

заман атау қыметіне қарсы тұра білді, еңсесін түсірген жоқ. Қарағанды өңірі өткен XX ғ. 30-50жж.(Карлаг)ГУЛАГ-тың филиалы болды. Ол Қазақстанның ауқымды территориясын алып жатқан өзінше бір дербес мекемесіне айналғанеді. Қоғамдық құрылыстың тоталитарлық моделін бекіте түсу тәсілі 1930-жылдары барлық елдегі сияқты, халыққа қарсы қуғын-сүргін жүргізу саясаты болды. ГУЛАГ (лагерьлер бас басқармасы) сол кездегі мемлекеттік жүйенің ажырағысыз бөлігі болып табылып, республикалар мемлекеттік биліктің күш көрсетушілік құрылымның барлық жағын басынан кешірді.

Соңғы жылдарда елімізде сталиндік жаппай репрессия кезінде құрбан болған-Солтүстік пен Шығысқа айдалып, азап пен қинауға шыдамай, ауру мен аштықтан өлген, жазықсыз атылып, қайда көмілгендері беймәлім-миллиондаған адамдардың жалпы саны қанша деген сұрақ жиі қойылып жүр. Ол жөнінде ешқандай статистикалық ресми мәлімет жоқ, дегенмен бұл мәселені арнайы зерттеушілер анықтап, жинақтаған төмендегідей деректерге ден қоюға әбден болады.Тарихшы Рой Медведевтің деректері бойынша, бұрынғы КСРО көлемінде 1927 жылдан бастап 1953 жылға дейін 40 миллион адам қуғын-сүргінге ұшыраған.Ондаған мың троцкийшілер мен зиновьевшілер партиядан шығарылып, жұмыстан аласталды, алыс аймақтарға жер аударылып, саяси тұтқын ретінде түрмелерге қамалды.

Қазақстан жерінде 1 млн. 220 мың депортацияға ұшырағандар өздерінің 2-ші Отанын тапты. Осы кезеңде Қазақстандық әрбір бес адамның біреуі зорлықпен жер аударылып көшіп келгендер еді. Республика тұрғындары амалсыз қоныс аударушыларға шамалары келгенше көмек көрсетіп, басындағы баспанасымен, киер киімі - ішер асымен бөлісті. Бүкіл Одақтан Қазақстанға саяси тұтқында тиеген эшелондардың лек-легімен ағылатын жылдары да осы кез. Кейіннен солардың көпшілігі “Карлагта”, “Степлагта”, “Песчанлагта”, АЛЖИР-де (Отанына опасыздық жасағандар әйелдерінің лагері) және ГУЛАГ-тың басқа да лагерлерінде із-түзсіз жоқ болды. Сталиндік тоталитарлық қоғамның төл туындысы ГУЛАГ жүйесі бір күнде орнай қалған жоқ. Тарих бетіне көз жібертсек, қатыгез саясаттың іргетасы большевиктердің билікке келген алғашқы кезінен қаланған екен. 1930 жылдың 25 сәуірінде бір орталыққа бағынған басқарушы ұйымға, яғни лагерьлер жүйесінің Бас басқармасына (ГУЛАГ ОГПУ) бірікті. Осы жылы құрылған алғашқы жеті лагерьлік аймақтың біреуі Қазақстанда болды. ГУЛАГ жүйесі орналасуға тиісті КСРО-ның 25 облысының 7 облысы Қазақстанның (Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары) үлесіне тиді. КСРО басшыларының ГУЛАГ жүйесінің үлкен бір тармағын Қазақстан жерінде ұйымдастыруға тырысуының үлкен бір мәні болды. Қазақ даласының қойнауы толық қазынасын, жер бетіндегі байлығын тез арада игеру міндеті эканомикалық қана емес, саяси стратегиялық мақсат болып есептелінді. Бүкілодақтық Халық шаруашылығы Кеңесі (ВСНХ) төрағасының орынбасары Г.Л. Пятков: «Бұл аймақта (Қазақстанды айтқаны) тек тау-кен өндірісін ғана емес, ауыл шаруашылығын дамытудың да үлкен келешегі бар» деген болатын. Сондықтан да ГУЛАГ жүйесінің торына түскен мыңдаған тұтқындардың тегін жұмыс күшін пайдалану өте ұтымды саясат ретінде қабылданды.ГУЛАГ Кеңестер Одағы ішіндегі алып «империя» болатын. Ол 53 лагерьден, 425 еңбекпен түзеу лагерінен құралатын, соның ішінде 170-і өнеркәсіптік, 830-ы ауыл шаруашылық және 172-і «контрагенттік» (құрылыстар мен шаруашылық ведомстваларында жұмыс істейтіндер) болатын. Бұлар облыстық өлкелік, республикалық еңбекпен түзеу колонияларына біріктірілді. Осының ішінде жасөспірімдердің 50 колониясы болды. Қарағандының еңбекпен түзеу лагері КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің 1930 жылғы мамырдағы қаулысы арқылы ашылды.Қарағанды еңбекпен түзеу лагері 1931 жылы 19 желтоқсанда құрылды, лагерьдің орталығы Қарағанды қаласынан 45 шақырым жердегі Долинка селосы болды, оған 120 мың гектар егістікке жарамды жер, 41 мың гектар шабындық жер бөлініп берілді.ГУЛАГ архипелагы құрамындағы ең ірі азап аралы - Карлаг (Қарағанды еңбекпен түзеу лагері) қазақ елінің орталығынан солтүстігі мен оңтүстігіне дейін 300 шақырым, ал шығысынан батысына қарай 200 шақырым аумақты қамтыған алып түрме. Орталық Қазақстан өңірі сол кезеңде Карлагтан басқа Степлаг, Песчанлаг деген концлагерлерінің кең көлемді зонасына айналған еді. Сондай-ақ атақты лагерь орталығынан

350 шақырымдағы Ақмолада және 650 шақырым қашықтықтағы Жезқазған және Балқашта ірі қосындылары болған. Тарих ғылымының докторы Дүйсетай Шаймұхановтың пікірінше, Карлаг сталиндік саяси қуғын-сүргіннің адам айтқысыз аюандықпен жүргізілген азалы тарихы. «Карагандинский лагерь сол 1931 жылдан бастап 1956 жылға дейін Карлаг болып келді. 1956 жылдан бастап лагерьлар қалды, бірақ Карлаг деп аталмайтын болды. Ең алғашқы 1932 жылдың басында 22 мың адам болды. Мұнда 22 мың адамның 87 пайызы қазақтар болды. Кейін Карлагтың тұтқындарының саны өсе бастады. 1931-1956 жылдар арасында Карлагта 1,5 миллион адам болып кетті.

КАРЛАГ-ты құрудағы басты мақсаттардың бірі – сол кезде буырқана дами бастаған Орталық Қазақстандағы Қарағанды көмір бассейніне, Жезқазған және Балқаш мыс қорыту комбинаттарына аса ірі азық-түлік базасын жасау болды. Оған осынау өнеркәсіп салаларын құрып, дамытуға жұмыс күші де қажет болатын. Тұтқындар арасында әлемдік деңгейдегі ғалымдар, әліпті таяқ деп білмейтін сауатсыздар да болыпты. Карлаг басқармасы тек қана ГУЛАГ-қа, Мәскеуге бағынды. Республикалық және облыстық партия, кеңес органдары лагерь қызметіне ешқандай ықпал ете алмады.

ГУЛАГ лагерьлеріндегі тәртіп адамды бүтіндей тұқыртып, қорлауға, азғындатып құртуға негізделген. Тұтқындарды жігерсіз, мүсәпір құлға айналдырып, олар тек берген көр-жер тамақты ішіп, көрінген жерге жатып, жұмыс істесе болғаны деген мақсат көзделді. Қарапайым есептің өзінде Карлагта 1 миллионнан астам тұтқындар болса, демек мұның өзі бір мемлекеттің ішіндегі тағы бір құл иеленушілік мемлекет болып табылады.

Тұтқындар киім-кешекпен 40-50 пайыз қана қамтамасыз етілген, оның өзінде олары өте нашар. Қайсыбір кездерде аурулы себепті дәрігердің айтуымен жұмыстан босатылған тұтқынның киімі келесі тұтқынға берілетін болған. Пеш күнде жағылмайды, еркектер барағындағы жылу 4 градус, әйелдерде 16 градус. Көптеген тұтқындарда төсек-орын жоқ. Монша, кір жуатын бөлме, дезинфекция камерасы жылу жоқтықтан үздік-создық істейді. Іш киімдер ауыстырылып, жуылмағандықтан тұтқындардың бәрі жаппай биттеп кеткен. Қайнаған су барақта да, жұмыс орындарында да жоқ. Жұмыс басында тіпті қайнамаған судың өзі жоқ. Тұтқындар су орнына қар жейді. Тұтқыннан қашушылардың да қатары аз болған жоқ. Лагерь сотының шешімі бойынша ұсталғандар атылатын. 1938 жылғы наурыз бен ақпан айларында қашқаны үшін 56 тұтқын атылса, 1941 жылы 20 адам атылған, соның 8-і әйелдер. 1933-1938 жылдары 18 мыңға жуық тұтқын қашқан. Қашуды тоқтату үшін арнаулы әскерилендірілген күзет орындары көптеп ашылып, оған бірнеше оп адамдар, сондай-ақ жергілікті халықтан 660 адамға дейін қоғамдық бақылаушылар тартылды. Бұлар қашқын тұтқындарды ұстап беруге елеулі көмек көрсетті.

Батық ауылы 1930 жылдары Карлаг кезінде еңбекпен түзету лагерьінің бір бөлімшесі ретінде құрылған. Тоталитарлық жүйе адамның әлеуметтік дамудың қай деңгейде тұрғанына қарамастан, оның дамуын тежеп, қасиетін кетіруге күш салады. 1931 жылы 19 желтоқсанда шешім бойынша «Қазақ еңбекпен түзету лагерьінің» бірінші бөлімшесі – «Гигант» совхозы осы күні қысқартылған түрде «КарЛаг» деп аталатын гулаг тікелей бағынатын Қарағандының жеке еңбекпен түзету лагерьі болып қайта құрылған. Лагерь басқармасы Долинка селосында орналасқан. Сөйтіп қарағанды еңбекпен түзету лагерьі 1931 жылы 19 желтоқсанда құрылып, оның орталығы Долинка селосы болды. Батық ауылы 1930 жылдары КарЛаг кезінде еңбекпен түзету лагерьінің бір бөлімшесі ретінде құрылған. Бір деректерге сүйенсек, әйелдердің үлкен бір тобы Батық бөлімшесіне жіберілген. Батық ауылының тұрғындарының айтуынша «Бестөбе» деп аталатын елді мекенде әйелдер лагерьі болған дейді. Ол Батықтан тоғыз шақырым жерде орналасқан ол жерде әлі күнге дейінгі орны цементтен жасалған фундаменттері сақталған. Лагерьде ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал және егін шаруашылығы дамыған. Оны мына деректен көре аламыз. «Лагерьде шаруашылық есепке негізделген 7 учаскеге бөлінген: Орталық өндірістік учаске (Орталығы Долинка), Волков учаскесі, Самар учаскесі, Сарепта учаскесі, Бұрма-Просторный учаскесі (орталығы Просторный), Көктіңкөл учаскесі, Бидайық учаскесі». Осы жерлерде ауыл шаруашылығын дамытқан екен. Егістік алқаптармен мал өсірумен айналысып, орасан зор

еңбек жасаған. Қазіргі кездегі аталған жерлерде әлі күнге дейін егістік алқаптар мен мал шаруашылығы жақсы дамып келетіні бәрімізге мәлім. Ал бұның бәрі тұтқындардың еңбегі. Батық бөлімшесінде мал тұқымын асылдандыру жұмыспен айналысқан. Ол туралы Д.А.Шаймұхановтың еңбегінде былай деп жазылған. «Е.А. Черепанов «Гигант» совхозының Еспе, Просторный сияқты бөлімшесінде зоотехник болған. Красная поляна жерінің директоры болған Н. Данилович былай дейді: «Красная поляна» және жақын совхоздар просторный, Бұрма, Батық, Бидайық жерлері КарЛаг бөлімшелері болған. КарЛаг кезінде үлкен жұмыстар атқарылған. Алма ағашы отырғызу 1935 жылдың күзінде 1936 жылдың көктеміне дейін созылып жатты. Сөйтіп жерлер біршама кеңейе түсті. Бұл жұмыстар 40-50 жылға созылды. Осының нәтижесінде біздің ауылда питомник-тәлімбағы бар. КарЛаг-тан кейін Батық бөлімшесі «Просторный» совхозының бөлімшесі ретінде құрылды. Қорыта айтқанда кеңес үкіметі кезіндегі Батық ауылының тарихы екі кезеңге бөліп қарастыруға да болады: 1. КарЛаг кезіндегі Батық. 2. 1978-1995 жылдардағы Батық ауылының жағдайы. Батық жерінде екі тоған тіркелген: 1. «Төменгі Нарбақ», 2. «Үлкен Батық» деп аталады. Екі тоғанда КарЛаг тұтқындарының еңбегімен тұрғызылған. Қолдан КарЛаг тұтқындары отырғызған терек, үйеңкі, қараағаштар қатар түзеп, жайқалып тұр. Кей теректегі жазылған адамдардың есімдері осы күнге дейін сақталған. Ауылдың шегіндегі және 3 шақырым қашықтықта орналасқан алма бағы ауылдың ғана емес сырттан келетін қонақтарға дәмді алмасынан ауыз тигізуде. Батық ауылының қазіргі жағдайымен табиғатын қорытындылай келе, ауылдың тұрмыс-тіршілігі мен әл-ауқаты жақсарып келеді. Туристік мүмкіншіліктері Батық ауылының табиғатын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Алма ағаштарының алмасы тіл үйіреді. Питомник пен тоғанның маңайына демалғысы келетін адамдар көп. Сондықтан осы жерге демалыс аймағын құру керек деп ойлаймын.

Халқымыздың тарихына аса қайғылы кезең болып енген 1928-1932 және кейінгі 1937-1938 жылдардағы сталиндік репрессияның құрбандары жайындағы шындық бүгін түгел ашылды деу әлі ерте. 20-ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының азаматтық, біліктілік (интеллектуалдық) деңгейі аса жоғары болғаны жалпыға мәлім. Кеңестік шығыстағы түркі халықтарының қатарындағы ең озық ойлы қазақ зиялыларына келген қуғын-сүргін аса ауыр да қайғылы болды. Тоталитарлық саясаттың төл туындысы ГУЛАГ жүйесі бір күнде орнай қалған жоқ. 1930 жылдың 25 сәуірінде бір орталыққа бағынған басқарушы ұйымға, яғни лагерьлер жүйесінің Бас басқармасына (ГУЛАГ ОГПУ) бірікті. Осы жылы құрылған алғашқы жеті лагерьлік аймақтың біреуі Қазақстанда болды. ГУЛАГ жүйесі орналасуға тиісті КСРО-ның 25 облысының 7 облысы Қазақстанның (Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Қарағанды, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары) үлесіне тиді. КСРО басшыларының ГУЛАГ жүйесінің үлкен бір тармағын Қазақстан жерінде ұйымдастыруға тырысуының үлкен бір мәні болды. Қазақ даласының қойнауы толық қазынасын, жер бетіндегі байлығын тез арада игеру міндеті экономикалық қана емес, саяси стратегиялық мақсат болып есептелінді. Ал бұл мол байлықты игеру үшін орасан зор жұмыс күші керек еді. Сондықтан да ГУЛАГ жүйесінің торына түскен мыңдаған тұтқындардың тегін жұмыс күшін пайдалану өте ұтымды саясат ретінде қабылданып лагерьлер салынды. Лагерьдегі әскери тұтқындардың еңбегі өнеркәсіптерде, өндіріс пен құрылыс ошақтарында пайдаланылды. (мысалы, қаламыздағы Жазғы театр, Бейбітшілік бульварының, Ленина, Жамбыл және т.б. көшелеріндегі ғимараттар) Сөйтіп өздерінің ауыр тұрмыстық жағдайларына қарамай Қарағанды аймағының экономикасының көтерілуіне ұлан-ғайыр үлестерін қосты. Кеңес үкіметі кезіндегі Батық ауылының тарихы екі кезеңге бөліп қарастыруға да болады: 1. КарЛаг кезіндегі Батық. 2. 1978-1995 жылдардағы Батық ауылының жағдайы. Батық асыл тұқымды зауыты ретінде 1978 жылы құрылғаннан бастап, халықтың әлеуметтік жағдайы, тұрмыс тіршілігі жақсарып, халық жұмыспен қамтамасыз етілген. Жұмысшылардың жалақысы басқа ауылдармен салыстырғанда көп болған.

Қазіргі буын, кейінгі ұрпақ өз өлкеміздің, жеріміздің тарихын саналы оймен ұғынып, өткен қаралы күндерімізді қайталамай, бойына адамгершілік-ізгілік қасиеттерін сіңіріп өссе – ол нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиттер тізімі:

1. Баллестрем К.Г. Апории теории тоталитаризма // Вопросы философии. 1992. - № 5, с. 16-22.
2. Земсков В.Н. ГУЛАГ (историко-социологический аспект) // Социологические исследования. – 1991. - № 6 – с.10-27
3. Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296с
4. Нурканов А. Борец за дело партии // Қазақстанская правда.- 1974.- 4 июнь
5. Кукушкина А.Р. Акмолинский лагерь жен «изменников родины» : история и судьбы – Караганда, 2002 – 184 с.
6. Абдакимов А.А. Тоталитаризм: депортация народов и репрессия интеллигенции. Караганда, 1997. -83 с.;

УДК 94

МЕЖДУНАРОДНОЕ АНТИЯДЕРНОЕ ДВИЖЕНИЕ «НЕВАДА-СЕМЕЙ»

Жакупов А.Т.

aidar--7sk@mail.ru

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева
студент 2-го курса Исторического факультета

Научный руководитель д.и.н., профессор Садвокасова З.Т.

Семипалатинский ядерный полигон был образован 21 августа 1947 г. Постановлением Совета Министров СССР, получивший условное название «Учебный полигон №2». Полигон располагался на территории Семипалатинской, Павлодарской и Карагандинской областей. Для ядерных экспериментов было отведено 18500 кв. км земель. 29 августа 1949 года были проведены испытания первой советской атомной бомбы на Семипалатинском ядерном полигоне. С тех пор, Семипалатинский полигон стал основным местом испытания ядерного оружия в СССР. На полигоне было произведено 468 ядерных взрывов, включая 125 воздушных и наземных. Атмосферные и наземные взрывы проводившиеся в период с 1949 до 1953 года внесли главный вклад в радиоактивное загрязнение полигона и окружающих его земель. 29 августа 1991 года ядерный полигон был официально закрыт указом президента Казахстана. Испытания прекратились, но, несмотря на это на территории полигона и близлежащих регионов осталось множество сильно загрязненных участков.

Невадский ядерный полигон был образован в 1951 г. Полигон расположен в [США](#) на юге штата [Невада](#) в округе [Най](#), в 105 км к северо-западу от [Лас-Вегаса](#). Полигон занимает 3500 км². Его территория разделена на 28 частей, на которых расположены 1000 зданий. С [1951](#) по [1992](#) годы на полигоне было испытано 928 зарядов, 828 из которых подземные.

26 февраля 1989 года в прямом телевизионном выступлении выдающийся казахский писатель и общественный деятель Олжас Сулейменов сделал заявление о необходимости прекращения ядерных испытаний в Казахстане. 28 февраля на митинге у здания Союза писателей в Алма-Ате было принято решение о создании антиядерного движения «Невада-Семипалатинск», зарегистрированное в апреле 1989 года [1]. Движение «Невада-Семипалатинск» выразило массовый протест против ядерных испытаний на Семипалатинском полигоне. Движение - это два миллиона казахстанцев, поставивших подписи под антиядерным воззванием в первые же дни после того митинга, принявших участие в демонстрациях, маршах протеста, маршах мира в Казахстане, России, Америке, Японии [2].

В июне 1989 года на I съезде депутатов СССР в Москве Сулейменов изложил цели, задачи и требования организации. В уставе первой неправительственной организации Казахстана, какой является Международное антиядерное движение «Невада-Семипалатинск» указаны две основные цели: закрытие полигона и реабилитация пострадавшего населения,